

14 дәріс. Хакім Абай даналығы

Дәрістің мақсаты: Қазақ халқының бас ақыны, ойшыл, хакім Абайдың философиялық ойларымен таныстыру. Заман туралы, ғылым, білім туралы ойлары. Қарасөздеріндегі негізгі ойларға шолу жасау

Ең әуелі Абай кім?

Абайдың екінші әйелінен туған тұңғыш баласы Тұрағұл Абайұлының «Әкем Абай туралы» естелігінде былай дейді: «Әкемнің жүзі ашық, ажары сыртында, көзі өткір, ашуы да, қуануы да жылдам, ширақ жанды адам еді. Мәжілісі қызықты, сауықшыл, дастарханы аса мол еді. Бір іспен қызықтамай, жай шаруасын ғана істеп отырмаушы еді. Маған десе, малай, малшы болсын, ия, үйіндегі қызметкер қатынның болса да, бір тәуір мінезін, қылығын тауып, жақсы көріп, ойнап, қалжыңдап отырар еді. Сыпайылық, сыйлық қылып, әдептіленіп, аяғын басқаның, аузынан шыққан сөзін санап отыратын адамды жақсы көрмеуші еді. Жарқын сөзбен, ашық көңілмен қалтқысыз келетін адамды аңсап сағынып, ондай адам келгенде не баласы, немесе туысқан бауыры келген кісідей қуанып қалар еді» (Тұрағұл Абайұлы. «Әкем Абай туралы» Семей, – Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайы, 2014. 6-бет). Сонымен қатар, Абай түсі ашық, көзі өткір, қалжыңы да бар, жомарт, мол дастархан басында шынайы мәжіліс құрғанды жақсы көретіндігі жазылған естелікте. Дойбы, карта, тоғызқұмалақты ойнағанды жаны сүйеді екен. Тоғызқұмалақ ойнауға арнайы келіп, ірілі-ұсақ малды болып кететіндер де көп кездеседі.

Бұдан басқа Абай атамыздың тағы бір қасиеті, жақсы ат пен қыран құсқа құмар екендігі. «Бір жылы жайлауда біреудің бір қоңыр атын, құлынды биесін беріп сатып алады да, оған көңілі толмай, бауырға түскенде, түйесін беріп Қуқұла деген Қаракесекте атағы шыққан атын алады. Сол секілді біреудің атына көңілі түсіп бұлдап алады да, тез жеріп бір болымсыз адамға бере салғыш еді» – дейді. Бұл естелік жазбадан Абайдың болмысын шынайы түрде білеміз.

Абай «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы, қиыннан қиыстырар ер данасы. Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, теп-тегіс жұмыр келсін айналасы» – деп өлеңнің құдіретін биік бағалаған. Одан әрі «Әуелі аят, хадис – сөздің басы» – деп жалғастырады. Аят сөз басы, бірақ ол адамның

ойынан туған дүние емес, Мұхаммед пайғамбарымызға өлең кейпінде түскен аян. Аят Мұхаммедке пайғамбарлықтың келгенінің айғағы. Ол жұртшылыққа маған аян арқылы жаратушыдан аят келді деп жария еткен. Аяттар жинақтала келе Құранға айналғаны белгілі. Сөз, ең алдымен, ол – ой. Ойдан дүние қалыптасады. Өлеңнің соңында «Ынсап-ұят, ар-намыс, сабыр, талап – бұларды керек қылмас ешкім қалап. Терең ой, терең ғылым іздемейді, өтірік пен өсекті жүндей сабап» – деген жолдарымен аяқтайды. Бұл қасиеттер де бүгінгі заманда да өзекті.

Дүниеде ең ауыр ол – ой. Ойдың ауырлығын өлшеу мүмкін емес. Бірақ, ойдың дағдарысына түссеңіз, түбінде жақсылыққа апармайтындығы белгілі. Жақсы ой – ізгілікке жол ашатындығы анық. Абайдың ізгілікке бастар жолын «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп ...» – деген даналық сөзінен ұғынамыз.

Мұқым жұрт Абай Құнбайұлының 45 қарасөзі бар екендігін жақсы біледі. Өлеңдерін де жатқа айтады. Сәл шегініс жасап, Абай Құнанбайұлының қарасөздерінің шығу этимологиясына тоқталсақ.

Қарасөздердің шығу тарихы да өзгеше. Абай атамыз көзінің тірісінде жарияламаған қарасөздерін дүниеден өткеннен кейін ұрпақтары жинақтап, шығарған кітаптарға сүйенеміз. Ғұмырында үлгеріп жазып кеткені біз айтып жүрген 45 қарасөзі. Тірі болғанда одан да көп болар ма еді деген ой да бар. Қарасөздерді жазу мақсатын бірінші қарасөзінен байқаймыз. Онда:

«Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық - әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын» – деген тоқтам жасайды. Соңында тағы өзі жауап береді: «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ» – дейді Абай Құнанбайұлы.

Қарасөздің мазмұнынан аңғарып отырғандай, өз сөзім өзімдікі деген оймен жазғаны. Философиялық тұрғыдан зер салып қарасақ, әр қарасөздің мазмұны өзгеше. Бір-бірін қайталамайды. Жазу стилі де басқаша. Мазмұны терең. Қоғамдағы өзекті мәселелерді қозғайды. Мәселеге өзінің көзқарасын беріп, шешілу жолын да ұсынады.

Неліктен «қара сөз» деп атағаны жөнінде бірер сөз. Қазақ халқының дүниетанымында «қара» сөзі жиі кездеседі. Хакім Абай «қара», «назар аударып, сөзге құлақ ас» деп тұрғандай. Әдебиеттанушылар жақсы біледі, қара сөз, қара өлең деген түсінік бар. Бұл жерде «қара» сөзі жағымды мағынада қолданылады.

Православие дініндегі Қасиетті Інжіл кітабында «Басында сөз болған» деп басталмай ма. Сөз өте құдіретті. Сөздің көмегімен адам-зат бір-бірімен тілдесіп өмір сүруде. Бұл жерде Абай атамызда сөздің құдіретіне, сыйқырына баса мән бергенін байқауға болады. Жәй сөз емес, қара сөз деп атауының астары осы шығар.

Белгілі ғалым Дихан Қамзабекұлы «Пайым» атты еңбегінде мынандай ойға келеді: «Абай қарасөзін нөмірлеген жоқ. Тіпті «қара сөзім деп» те жазбаған. Мұны ақын шығармасына ынтызар жанның көбі дерлік біледі. Нөмірлеген, «қара сөз» деген Ғылым ғасыры оны ағартуға іліктес дәуір жүйеледі. Мысалы, Мүрсейіт жазбасында бүгінгі 37-сөз – «Насихат», ал, 38-сөз – өз атауын «Кітап тасдих» деген атпен берілген деп жазады абайтанушылар. Ғылым ғасыры Дантені де, Шекспирді де, Пушкинді де, тойды да жүйелеген. Яғни, жазғандарын дестелеп, жүйелеп жеткізген. Білім-ілімнің өз логикасы бар» (Дихан Қамзабекұлы. *Пайым: зерттеулер мен мақалалар. Алматы: 2004. – 356 бет*).

1890 жылдардан бастап ұстаздық, үгітшілдік жолына түскен соң, Абай өлеңді аз жазса да қара сөзбен айтатын өсиетті көп жазатын болған. Осы кітапта оқушының алдына алғаш рет ұсынылып отырған «қара сөз» деген өсиеттері 1890-98 жылдардың арасында жазылған. 91-жылдан соң өлеңмен айтпақ болған сөздерінің талайын қара сөз үлгісіне айналдырып жіберген. Қара сөздер кім болса соның қолында кетпей, жазылысымен маңайындағы молдалардың қолына түсіп, соларда шашылмай аман сақталып қалған ғой деймін (Абай (Ибраһим))

Құнанбайұлы. Жауапты ред.: С.Қорабай. Алматы:Әдебиет әлемі, 2013. – 500 бет).

«Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, Өлмейтұғын артында сөз қалдырған» демекші Абай Құнанбайұлының өлгеніне 100 жылдан астам уақыт өтсе де, артында өлмейтін мәңгі сөз қалды. Сол сөздермен біз мақтанамыз. Ой түйеміз. Абайға ұқсап, сөз жазамыз.

Адамзатты жаратылғаннан бастап бүгінгі күнге дейін жалғап келе жатқан – сөз. Сөз – қазақтың жаны, рухы. Сөздің қадірін түсінген халықпыз. Қазақтар бұрындары жер дауы мен жесір дауын екі ауыз сөзбен шешкен.

Абайдың қарасөздерін де заман ұғымы 18 рет қайталанады. Өлеңдерінде одан да көбірек кездеседі. Дегенмен, заман ұғымы жеңіл, қарапайым көрінгенімен салмағы ауыр екендігіне көз жеткіземіз.

Заманды жырлау, ойлау, қай заманда болсын күн тәртібінен түспеген. Себебі өзінің өмір сүріп отырған ортасының адамға жайлы болуы ең бастапқы қажетті құндылық болғандықтан барлығымыз заман туралы айтуды тоқтатпаймыз. Яғни, адам бар жерде заманда болатындығы ақиқат. «Заман – деген бір күнде орнап, сол күні-ақ бар мазмұнын айқындап беретін, базар емес, ұлы да ұзақ сұрыпталатын кезең. Оның ділін-дінінен бастап философиялық мазмұнын бір күнде ұғыну қиын» (*Ғабит Мүсрепов. Тұтқын қыз. Алматы: Балауса, 1993, – 512 бет*). Көріп отырғанымыздай, «заман» ұғымы сан қырлы, жан-жақты ұғым. Тек әдеби тұрғыдан емес, лингвистикалық, формальді-логикалық, онтологиялық, тарихи, саяси, әлеуметтік, мәдени және философиялық аспектіде қарастыруға болатын әмбебап категория.

Заман ұғымының психологиялық феномен екендігін алғаш зерттеген ғалым Гүлжиһан Нұрышева және Берік Аташ. «Халқымызда, «заман» түсінігі оптимистік (жаңа заман, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман), пессимистік (зар заман, ақыр заман) және бейтарап (заман өзгерді) жазықтықта ұғындырылады». Содан соң, «Заман дегеніміз – тарихи-әлеуметтік шындықтың сол дәуірдегі тұрмыстық-өмірмәнділік жалпы сипатының концептуалдық көрінісі», – деп өз ойларын тиянақтайды (*Нұрышева Г., Аташ Б. Ғылыми таным философиясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 320 б*). Яғни, эмоционалды тұрғыдан берілген заман концептісінде халықтың

мұңы мен қайғысы, қуанышы мен шаттануы, үміті мен зерігуі, өмірдегі және сол қоғамдағы алар орны анықталады. Сонымен қатар, жалғыздығы, өзіне-өзі үңілуі, алаңдауы мен таңдануы, қорқынышы мен ертеңгі күнге сенімсіздігінен туындайтын ішкі толғаныстары мен сезімдерімен астасып жататындығы. Бұның барлығы заман ұғымының тұтас көңіл-күйін береді.

Сондай-ақ, заман қулық пен сан құбылатын тұлкі бұлаңға салынса, оны да жеңе білу керектігін де халқымыз ескертеді: «Заманың тұлкі болса, тазы боп шал» деп қысқаша қайырған. Бұл бір қырынан, «заманды жеңе біл» деген ұстаным болса, екінші жағынан заманға бейімделу қажеттігі туралы толғаныстан шыққан түйін. Бейімделу алдымен психологиялық үдеріс, сол заманның оңды, тиімді, жағымды жақтарын қабылдап, өзінің жеке қолайсыздықтарын тиімділікке айналдыру дегенге келеді. Сананың адаптацияға түсуінің өзі оңай шауа емес.

Осыған орай, заман түсінігі де тарихи санада сабақтасқан әлеуметтік философияның құрамдас бөлігі. Ғалым Сайраш Сапарғалиева: «Заман өзгерісінің бірден-бір себепшісі халық екені рас, дегенмен, осы халықтың басын біріктіретін негізгі күш – мемлекет. Демек, заман ағымы екі сыңайлы: бірі мемлекетке, екіншісі халыққа байланысты. Бұл түсінікте біздің адамына қарай заманы дейтін пікірімізді қолдап тұрғандай. Бұл тұжырымның мағынасын жете ұғыну үшін адамның заманға тәуелділігі мен заманның адамға тәуелділігін анықтауымыз шарт. Бұл екеуінің өзара өте тығыз байланысты өмір сүретіндігі белгілі. Заман табиғилықтан гөрі жасандылыққа көп бой ұрады, сондықтан да заман талабы әрқашанда өзгермелі. Бір сөзбен айтқанда заманды ақтайтын да, қаралайтын да – адам. Сондықтан да адам мен заман өзара үйлесімділікте бола отырып, үнемі даму, жетілу, жаңару, өркендеу үстінде болуға тиіс (Сапарғалиева С. *Дала өркениеті: әлеуметтік-философиялық пайымдау. Ақтөбе: А-Полиграфия, 2007. – 192 бет*). Міне, заман мен адамның өзара байланыста, өзгерісте болатындығына мән берген.

Заманды саяси-әлеуметтік тұрғыдан саралаудағы күрделі мәселелердің бірі, парадоксты және риторикалық шеңберге алып

келетін сауал: «Заманды адам (халық, көпшілік) билей ме, әлде адамды заман билей ме?» деген сауал.

Бірінші сауал бойынша халқымызда екі түрлі көзқарас қалыптасқан: біріншісі, заман шынайы құбылыс, ол адамды билейді; Екіншісі, заман адамға тәуелді немесе заманды жасайтын сол адамның өзі.

Заман өзгерген сайын ондағы құндылықтар да өзгереді. Құндылықтарды сол заман өзгерткендей. Сәйкесінше, құндылықтардың ауысуы мен түрленуі заман ағымын басқа арнаға қарай бұрады. Құндылықтардың мәнін анықтайды және құндылықтардың тұрақтылығына да баса көңіл аударады. Құндылықтарды тұрақтандыру – заман ағымының басты қызметі емес, заман олардың жалпы келбетін сипаттаушы болып қана қалады. Кей замандарда халықты идеология емес, құндылықтар біріктірген. Заманауи заманның құндылықтарыда ауыспалы, күнде өзгеріп тұратындығын ұмытпаған жөн.

Бұл жерде заманның тек халыққа, яғни, оны құрайтын субъектілер – адамдарға ғана байланысты екендігінде. Адамдардың заманды қабылдауы олардың санасынан тыс бола алмайтындығында. Қоғам келбеті, оған деген ұмтылыс бір сәт те санасынан шықпайды. Адамзаттың құбылып жатқан әрбір құбылыс пен қоғамдағы өзгерістерді тұтас қабылдайды.

«Әлихан Бөкейханның мұрасын зертеушілер ұсынған мына бір дерекке назар аударалық: «Санкт-Петербургта 20 жасында келген Әлиханның студенттік күндерін қалай өткізгені туралы Англияның әйгілі білім ордасы Оксфорд университетінің «Орталық Азияны зерттеу қоғамы» өзінің «Қазақтар 1917 жылға дейінгі орыстар туралы» атты кітабында «Ә.Бөкейхан жас күнінде орнықты революционер, социалист болды және «Зар заман» атты орыстарға қарсы әдеби топтың мүшесі болды» деп жазады. Бұл ұйымның қашан құрылғандығы, қанша адам мүше болғандығы, топтың іс-әрекеті жөнінде толық мәліметтер жоқ (Омарұлы Б. *Зар заман әдебиеті. Астана: Елорда, 2005. – 372 бет*).

Шын мәнісінде, Әлиханның «Зар заман» атты әдеби қоғамдық бірлестіктің мүшесі болуы әбден мүмкін, себебі тура сол жылдары

Ташкент, Қазан, Алматы, Шығыс, Алтай өңірлерде зар заман ақындарының өлеңдері жарияланып, халық арасында кеңінен таныла бастаған. Соның әсерінен «заман» атты қозғалыстың туындауы заңдылық.

Заман халыққа жарқын болашақ сыйлайды. Сондықтан, келер заман, болашақ заман, үмітті үкілеген заманға айналады деген түсінік қазақ халқының дүниетанымына берік орныққан. Мысалға, Асан Қайғының «Жер ұйығы» болашақтан үміт күттіретін идея. Асан Қайғының идеясын салыстырмалы түрде Томмазо Кампанелла, Томас Мор сияқты утопист философтардың еңбектерімен салыстыруға да, жеке бөліп қарастыруға да әбден болады. Бірақ, Асан қайғы утопист емес, ол қазақ халқына шұрайлы, жанға жайлы құтты қоныс іздеуімен құнды. Ең бастысы құтты мекенді тапты. Ол қазақ елі – Қазақстан!

Қазақ елі дамыған 30 елдің қатарына еніп, заманауи өркениетті елдер қатарына қосылу стратегиясын мақсат етті. Өркендеген елдердің қатарына енеміз деп жүргенде ұлттық болмысымыздан айырылып, адами құндылықтарымызды жоғалтып алмайық. Әрине, Еуропадағы стандарттар, адамның лайықты өмір сүруіне жасалған дүниелерден қашып тұрғанымыз жоқ. Бізді алаңдататындығы қазақилығымыздан, құндылықтарымыздан ажырап қалмаудың амалы. Өйткені, қазақ халқы біраз дүниесінен айырылып, енді ғана етек, жеңін жинап келе жатқан жас мемлекет.

Қазақ халқы өмірін үнемі болашақпен сабақтап, одан үміт күткен. Бүгінгі күн, ертеңгі күннен әлдеқайда жақсы болатындығына сенген. Болашақ үшін, барын жинап, ертеңгі күнді ойлау тек қазаққа ғана тән әдет шығар...

Түйіндейтін болсақ, заман ұғымы қазақ халқының дүниетанымында жиі қолданылатын ұғым екендігіне көз жеткіземіз. Содан болар, көне көз қарияларымыз заманынан озып туған бала деп жатады. Кей кездері заманның көшінде қалғыр деп қарғап та алады. Мәселе, заманның ағынынан қалмай, заманның талабымен адами өмір сүру маңызды деп білеміз. Заманына қарай философиясы қалыптасатын қоғамда өмір сүргендіктен, ойшылдарымызда заманның соққан лүпілін, тынысын түсініп көпшілік халыққа бағыт-бағдар, кеңес,

өсиет беріп отырғаны абзал. Ең маңыздысы, заманның соққан бағытына қарай замандасқа ой салу біздің міндетіміз.

Өз заманының тамыр соғысын елден бұрын сезіп, заманның зарын алдын-ала болжаған Хакім Абайдың орны бөлек. Мағжан Жұмабаев «Атақты ақын – сөзі алтын хакім Абайға» атты өлең арнаса, Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» атты көлемді мақаланы «Қазақ» газетіне жариялады. Кемеңгер Мұхтар Омарханұлы «Абай жолы» роман эпопеясын жазды. Абайдың атын шығарды, сол арқылы өзі де танымал тұлғаға айналды.

Біз не істедік, не жаздық деген ой келеді. Әрине, жазылған дүниелер, жарияланған кітаптар да самсап тұр. Әлі де жазылғаннан, жазылар көп болатындығы анық.

Тоты құс түсті көбелек,
Жаз сайларда гулемек.
Бәйшешек солмақ, күйремек,
Көбелек өлмек, сиремек.

Өлеңнің алғашқы жолдарын оқып, дархан даладағы керемет көріністі еске аласыз. Ондағы көбелектің ұшып-қонып жүргенін байқайсыз. Гүл, бәйшешектертің иісі қолқаңды жарып тамаша сезімге берілесіз. Сөйтіп келеді де, кенеттен барлығы солып, күйреп жатқандығын тарс еткізеді. Бірден керемет сезіміңіз су сепкендей басылады.

Шынында да, біз түрлі түсті әлем мен сан құбылған заманда ғұмыр кешудеміз. Өмір өте тез жылдамдықпен өтуде. Сандық технология мен ақпараттың қарыштап дамығандығы бір жағынан адамзатқа кері әсерін тигізуде. Көбелектің ғұмыры да қысқа екендігі де белгілі. Осындай аласапыран заманда адам не істемек. Қандай hareket жасауы қажет. Заманды, елді кім бағады деген риторикалық сұрақ төңірегінде Абай атамыз былай толғанады:

Адамзатқа не керек:
Сүймек, сезбек, кейімек,
Харекет қылмақ, жүгірмек,
Ақылмен ойлап сөйлемек.
Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек?

Заманға жаман күйлемек,

Замана оны билемек.

Оқысаң жеңіл көрінуі мүмкін, алайда зер салып, ойланып оқысаңыз терең ой жатыр. Өмір философиясына талдау жасап, дүниені ақыл-оймен ғана жеңуге болатындығына тоқтам жасайды.

Адамның өмірі көбелектің ғұмырындай қысқа екендігі ақиқат. Осы қысқа өмірде харекет жаса, жақсылық қыл деп тұрғандай. Білім ал, ғылыммен айналыс. Өмірдің кілті ғылымда деп айтқан жоқ па?!

Абайдың «әркімді заман сүйреме» дегені осыдан шыққан болуы мүмкін. Өйткені, заманына қарай адамдар икемделіп харекетін жасайды. «Заманың түлкі болса тазы боп шал» – деген түсінік осы сөзімізді қуаттап тұрған жоқ па екен. Заманға қарсы шығу – өте қауіпті. Сондықтан да, заманға сай ыңғайлану – үлкен мәселе. Бұл да екі жақты, өткір сұрақ. Бәрімен келісіп, ыңғайына жығыла беру де жақсы емес. Дегенмен, өз ұстанымы бар азамат болып қалыптасу маңызды.

Егер, заман өзінің дегенімен сүйреп, сенің оған қарсы тұрар қауқарың болмаса, не істемексің? Заман ағысымен ағып кете беру де – өте қауіпті. Алайда, көпшілігіміз осы жолды таңдаймыз. Заманға сай бейімделіп, қалыптасу да – қалыпты жағдай. Бірақ, заманның ыңғайына бейімделе беру де азаматтыққа жатпайды. Мүмкін, құлдық сана деген осындайда шығатын болса керек.

Адам жаман болайын деп болмайды, оны жаман ететін заман. Заманды билемекке харекет ететін тұлғалар әрқашанда болған және бола беретіндігі анық. Хакім Абай да осыған байланысты, тұлғалардың үш түрін атап айтады, олар: *пайғамбарлар, әулиелер, хакімдер*. Заманды билеушілер осылар деп, олар артық жандар, олар ешуақытта жаман жандар қатарына қосылмақ емес. Олар өз тәуелсіздігіне өздері ие – азаматтар дегенге тоқтайды.

Абай заманы – қазақ халқы үшін өте ауыр өтті. Қазақтың жағдайын, тұрмыс-тіршілігін ойлайтын адам аз. Орыс шенеуніктері айрандай ұйып отырған ауылдың берекесін кетіріп, билікке таластырып қойды. Соның нәтижесінде қазақтар болыстық, аға сұлтандыққа таласып, бір-бірін жамандады. Арызданды. Мінездері ұсақталып, жала жабумен айналысты. Бұл жөнінде Абай не дейді:

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,

Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.

Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.
Бет бергенде шырайың сондай жақсы,
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?
Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,
Аузымен орақ орған өңкей қыртың.
Өзімдікі дей алмай өз малыңды,
Күндіз күлкің бұзылды, түнде ұйқың.
Көрсө қызар келеді байлауы жоқ,
Бір күн тыртың етеді, бір күн – жыртың.
Бас-басына би болған өңкей қиқым,
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?

Жақсы мен жаманды айыра алмайтын деңгейге жеткеніміз өкінішті. Сөздің құнары кетіп, ауызы майланғанға мәз болып шаттандық. Сөзді ұғып, сөз тыңдайтын адамдар Абай заманында аз болмаған, қазір де солайма деймін кейде. Өзінің жинаған малы өзінікі болмай, қаншама отбасы шарасыздыққа тап болды. Күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылған қазақтың басына зобалаң келді. Ең өкініштісі, бір ауылды қақ жарып, бір қазақты екінші қазаққа айдап салды. Бірін-бірі жамандап, соттасқан қара халықтан күй кетті.

Осының барлығы жиналып, елдің, жердің сиқын бұзғандығын дөп басып айтты. Бұл айтылған сөз, бүгінгі қоғамда кездеседі. Шыны керек, кейінгі кезде рушылдық, жершілдіктің көрінісі байқалады. Әкімдеріміз командасымен көшіп жүруді әлі де тоқтатпады. Әр рудың өз Президенті сайланып, ара-тұра жиналып рушылдықты өршітуде. Бұның барлығы елдің тұтастығына кері әсерін тигізетіндігі белгілі.

Сонымен қатар, хакім Абай жастардың бұзылып жатқандығына да іштей қобалжиды. Өзегін өртеген мәселенің бірі жастар мәселесі.

Өсек, өтірік, мақтаншақ,
еріншек, бекер мал шашпақ.

Бес дұшпаның, білсеңіз – дейді. Еліміздің болашағы жастардың осындай надандықтың артынан кетіп, ұсақталып бара жатқандығы Абайды толғандырады.

Заман ақыр туралы өлеңінде:

«Заман ақыр жастары,

Қосылмас ешбір бастары.
Біріне бірі қастыққа
Қойнына тыққан тастары.
Саудасы – ар мен иманы,
Қайрат жоқ бойын тыйғалы.
Еңбекпен етті ауыртпай,
Құр тілменен жиғаны.
Өнімсіз іске шеп-шебер,
Майданға түспей несі өнер?
Сиырша тойса мас болып,
Өреге келіп сүйкенер.
Күлмеңдеп келер көздері,
Қалжыңбас келер өздері.
Кекектеп секек етем деп,
Шошқа туар сөздері (Абай).

Әрине, қай заманда болмасын жастарға көңіл толмаушылық болған. Бола да береді. Бірақ, Абай атамyzдың осы өлең жолдары қазіргі жастардың бет-пердесін ашып отырған жоқ па? Жастар арасындағы алауыздық, өшпенділік, мастық, жалқаулық, білімсіздік, ойынқұмарлықтың белең алғанын көрсетсе керек.

Хакім Абай заманға қатысты тағы бір ойың, отыз жетінші қарасөзінде: «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі виноват» – дейді Абай.

Әр адам, сол заманның өнімі. Заманның адамға, адамның заманға тікелей қатысы бар. Заманды қалыптасыратын, ондағы адамның жақсы, жаман болуына ортасы жауапты деген тұжырым жасайды. Сондықтан да, заманның жаман немесе жақсы болуына тікелей жауап беретін ортасы. Осы мәселе Абайды қатты толғандырды. Өзі де надан адамдардан қатты соққы алып, өмірден түңіледі.

Соған қарамастан, хакім Абай заман туралы, сол кездегі қазақ халқының азып, тозып, адамшылық қасиеттердің төмен деңгейге түскенін мына өлең жолдарынан көреміз:

Ынсап, ұят, ар, намыс, сабыр, талап –
Бұларды керек қылмас ешкім қалап.
Терең ой, терең ғылым іздемейді,

Өтірік пен өсекті жүндей сабап» – Абай. Иә, өлең жолдарындағы биік қасиеттер ешкімге керек болмай қалғаны Абай тұрмақ, қазіргі біздерді де қатты алаңдатады. Аталған ұғымдардан қадірі кеткелі біраз уақыт болды. Бұның барлығы заманның салдары. Абай үшін заман мен адам егіз ұғым. Бірақ, заманның күші, ырқы жоғары. Заманды билеу деген бос әурешілдік. Керісінше, заман адамды билеп, өз ырқына көндіріп тұрған жоқ па?!

«Дүние – үлкен көл,
Заман – соққан жел,
Алдыңғы толқын – ағалар,
Артқы толқын – інілер,
Кезекпенен өлінер,

Баяғыдай көрінер...» – (Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы.

Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Алматы: Жазушы, 2005. – 336 бет).

Хакім Абай заманның үнемі өзгерісте болатындығын, жаман мен жақсының өзгеріп, дүниенің алмасып тұратындығын айтқан. Адам мінезінің өзі уақыт, өзгерістердің талабына сай өзгермелі, құбылып тұрады. Бүгінгі ағаның ізін інілері басатындығы заңдылық.

Абай – өз заманының өнімі. Өлеңдері мен қарасөздерінде өмірдің өткір мәселелерін көтерген. Елдің өсіп-өнуіне мүдделі болған. Сол үшін ең алдымен елдің сана-сезімін көтеру керектігін түсінген. Мал да өзі, дүние өзі ғылымға көңіл бөлсеңіз деген тоқтамға келген. Алыстағы ауылда күнін көріп жүрсе де шартарапта не болып жатқандығынан хабары болған. Ғылым, білім ғана тығырықтан алып шығатындығына сенімі мол.

Тура осы жерде «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: Әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшінші – залымдық деп білесің. Надандық – білім, ғылымның жоқтығы, дүниеден ер нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік хайуандық болады. Еркіншектік – бүкіл дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады. Залымдық – адам баласының дұшпаны» – деген Хакім Абайдың терең ойлары қай заманда болмасын өзекті екендігін атап өткен дұрыс.

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Рас сөз ешуақытта жалған болмас» – деген өлең жолдарында да Жаратушы алдында басын иіп,

иман келтірген. Өлең жолдары Хакім Абай дүниетанымының өзегі десе де болады.

Сонымен қатар, Абайдың балалық шағындағы алғашқы өлең жолдарынан да парсы және түркілік сарынның да самалын аңғарамыз. Онда былай дейді.

Фзули, Шәмси, Сәйхали,
Науаи, Сағди, Фирдауси,
Хожа Хафиз – бу һәммәси

Өлең жолдарында аты аталған тұлғалардың бәрі Абайдың пір тұтқан ұстаздары. Олардың шығармаларымен танысып, оқығандығына еш шүбә жоқ. Яғни, дархан даланың дара тұлғасы болуына алғашқы қадамды осылай жасайды. Өлең жолдарына арқау болған әулиелер туралы ақын Ақберен Елгезек жақсы талдау жасаған /Абай бата сұраған 7 әулие кім? <https://www.abai.kz/post/118125>

Деректер бойынша сол замандарда Семей қаласында оннан астам медреселер қызмет жасапты. Шағын ғана қала үшін бұл үлкен көрсеткіш. Білім алуға деген сұраныстың бар екендігін айшықтап тұр.

Абайдың өзі айтпақшы, мен бір жұмбақ адаммын – дейді. Кейбір азаматтарымыз бұл жұмбақты шешіп, нүктесін қойып тастамақшы. Егер, Абайдың жұмбағы шешілсе, оның қызығы да қалмас. Сондықтан да, менің ойымша, бұл жұмбақтың жауабын әр адам Абайдың дүниетанымынан, өлеңдерінен, қара сөздерінен өздерін тапқандары дұрыс. Бұл жерде жұмбақ – метафора. Жұмбақты, сыры ашылмаған дүниені адам білгісі келетіндігі анық. Сонысымен ол жұмбақ болып қалуы тиіс.

Абайдың жазып кеткен екі кітабындағы өлеңдері мен қара сөздерінің тақырыбына қарап, көтерген тақырыптары сан алуан, жан-жақты, дүниетанымы кең, білімі терең болғанын көреміз. Сонау Жидебайда жатып, ғаламдық мәселелерге ой тарқатқан. Ешқандай да университет, академия, тіпті толықтай орта білім алмаған адамның басынан осындай дүниелердің тууы үлкен құбылыс.

VIII ғасырларда өмір сүрген Қорқыт Ата бабамыз «өлмейтін өмірдің кілті – өнерде» деп қобызды ойлап тапқан. Мәңгілік өмірді іздеп, ел кезеді. Сөйтіп, **өмірді өнер арқылы** таныған. Соған ұқсап,

Абай атамыз да өзінің жақсы көретін ісі – жазуды құп көрген. Оны бірінші қара сөзінде анық жазған.

Хакім Абайды бар ынтамен оқып, түсініп, ұғыну өте маңызды шаруа. Абай – ұлттың ұстазы. Қазақ халқының рухани темірқазығы. Адастырмайтын жол нұсқаушы дер едім. Бұл жерде тағы бір үлкен міндет, Абайды қарапайым халыққа жақындату, түсінікті тілмен түсіндіру де оңай шаруа болмай тұр.

Абай арманы – қазақ халқының болашағы. Қазақ халқының жүретін жолы – Абай жолы болуы тиіс! Бұл жерде оқырман Абай заманына шақырып тұр деп ойлап қалмасын. Мына өлең жолдарындағы бес нәрседен қашық болып, бес нәрсеге асық болса, соның өзі жетістік.

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдыңда,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз.

14.2. Абай және ХХІ ғасыр

Хакім Абай туралы әркім жазып та, айтып та жүр. Солардың ішінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың аузынан шыққан сөздің салмағы мен орны өзгеше. 2020 жылдың 9 қаңтарында Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» деген мақала жазғаны жұртшылыққа мәлім.

Мақала мазмұны көпшіліктің көңілінен шықты деуге толық негіз бар. Мақаланың соңында «Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық».

«Қазақ философиясының бүгінгі тыныс, тіршілігіне қатысты философия ғылымдарының докторы, профессор Тілекжан Рысқалиев Қазақ әдебиеті газетіне (2019 жылдың 26 қараша күні) «Абай ілімі және бүгінгі қазақ философиясы» тақырыбымен мақала жариялайды. Онда былай делінген: «Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа» – дегендей, әр елдің өз өмірінен пайда болған өзіндік төл философиясы бар. Неге біз неміс философиясына, орыс философиясына немесе араб философиясына жүгініп, солардың жолымен жүруіміз керек?»

Кеше біз Маркстің, Лениннің философиясын бетке ұстадық. Жасыратыны жоқ, олардан үйренгеніміз көп болды. Бірақ, бұл философия біздің салтымызға, дәстүрімізге, ділімізге сәйкес келмеді. Маркстік, лениндік философияға сүйене отырып, біз өзіміздің көптеген құнды әдет ғұрыптарымыздан, салтымыздан, дәстүрімізден айырылып қалдық. Бізге сырттан таңылған Советтік философиядан өзімізді, өз кейпімізді таба алмадық, қазақ қазаққа ұқсамай қалды».

Осы жерде елімізге белгілі, ғалым, философ Серік Нұрмұратовтың пікірін келтіруді жөн санаймын: «Тоталитарлық қоғам қазақ философиясымен айналысамын деген азаматтардың осы мақсатта ұлттық ойлау жүйесін жандандыруға ұмтылғандарын да осындай бағалаулармен шектеп отырды. Міне, осындай идеологиялық тұмшалаудың арқасында тарих сахнасында әртүрлі рухани тереңдіктердегі өздерінің даналыққа толы тұжырымдарын бұқара халыққа жеткізген ойшылдар шығармаларының мәтін түрінде қоғамда кең тарамай және ғылыми зерттеулер түрінде өз бағалауларын алмай ондаған жылдар бойы уақыт өткізгені белгілі» (К.Ұ. Әлжан, С.Е. Нұрмұратов (философия, саясаттану және дінтану институты) «Индустриалды-инновациялық дамудың рухани негіздері» <http://nblib.library.kz/elib/library.kz/journal/Aljan.Nurmuratov.pdf>).

«Қазақ өзінің тұжырымдарын, түсініктерін, ойларын негізінен этикалық деңгейге жеткізген халық. Қазақ философиясы классикалық үлгідегі трактат немесе монография түрінде емес, поэтикалық сипатта жеткізілген. Қазақта поэзия мен философия кірігіп кеткен ұғым

болғандықтан, біздер философияны ақын-жыраулардың шығармаларынан іздей отырып, ойдың терең астарына, даналық сөздеріне аса мән береміз. Абай, Шәкәрім, т.б. ұлы тұлғалардың еңбектері адамды тәрбиелеуге жақын философия» ([Тарихи сананы жаңғырту мәселелері халықаралық конференция барысында талқыланды \(egemen.kz\)](#)).

«Қазақ философиясы – «өмір сүру философиясы», философия пәні рухы жағынан қазіргі экзистенциализмге жақын. Қазақ философиясы сөз құдіреттілігіне негізделген. «Аталы сөзге тоқтаған, бір ауыз сөзден жеңілген, сөздің ұлағатын білген қазаққа қазір сәл нәрсені ұқтыру үшін ұзақ-ұзақ насихат айтуың керек». (*Ғарифолла Есім. Сана болмысы. Алматы: әл-Фараби атындағы ҚҰУ, 1994. – 255 бет*).

Жалпы философия деген ұғымды қазақ халқы қалай қабылдайтындығы мен сөздің құдіретін терең түсінетіндігіне назар аудартқанын байқауға болады. Әрине, сөздің киесі барын дәріптеген халық «Жүйелі сөз – жүйесін табар, жүйесіз сөз – иесін табар» – деп бекер айтпаған.

Философия ғылымының басты зерттеу объектісі – адам. Демек, философияның айналысатын ең басты миссиясы – адам болмысы. Бұл дүниедегі жұмбақ – адам болса, осы жұмбақты философия шешумен шұғылданады. Сондықтан да философия адамды түзу жолға салатын хакімдік пен білімге айрықша мән береді. Қазақ халқын түзу жолға салып, адамшылық қасиеттерді дәріптейтін құндылықтарды біз – Абайдан табамыз. Ол үшін Хакім Абайды оқу керек, түсіну керек, игеру керек.

Жалпы қазақ философиясының мазмұны метафорадан тұрады. Қазақ халқының метафорасы мәдени-ұлттық дүниетанымға негізделген. Метафора – қазақ халқының бүкіл жан дүниесін бір жерге тоғыстырған танымның әмбебаптылығы. Қазақ халқы дүниені метафора арқылы бейнелеп, оны түсінудің құралы ретінде санаған.

Тәуелсіздіктің арқасында, бұрын жоғалтқан, белгілі себептермен айтылмай келген асыл қазыналарымызды қайта тапқандай болдық. Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз қайта жанды. Қоғамның саяси жүйесі ғана емес, тұтастай ойлау жүйесі өзгеруде. Себебі еркіндік, тәуелсіз ел болу қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған асыл мұраты. Ата-

бабаларымыз қанын да, жанын да аямай, қанша арпалысса да жете алмай кеткен осынау қастерлі мақсатқа біздің ұрпақ XX ғасырдың аяғында ғана қол жеткізді. Аз ғана уақыттың ішінде Қазақ Елін бүкіл әлем білді, таныды. Ендігі мақсат одан әрі өркендеудің даңғыл жолына түсіп, халық санасының өзгеруіне жұмылған дұрыс. Сана, ойлау жүйесі өзгермей басқа дүниені өзгертем деу бекер іс болмақ.

Президентіміздің «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» мақаласында «Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық. Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз. Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі XXI ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді» (akorda.kz).

Қытай халқы Конфуцийды ұлы ұстазымыз деп құрметтеп, оның даналық ойларын үнемі айтып отыруды әдетке айналдырған. Конфуцийдың философиясынан бүкіл Қытай халқы әлі күнге дейін тәлім-тәрбие алып сусындап келеді. Міне, біз де Хакім Абайдың төңірегіне жиналып, одан білім, философияны үйренуіміз қажет. Осындай қилы заманда қазақ халқын тек қана – Абайдың ойы, сөзі алып шығатындығына сенімдіміз.

14.3. Хакім Абай. Қарасөз

Дүйім жұртқа мәлім, Абай қырық бес қарасөз жазған. Өкініштісі, Абай атамыз осы қарасөздерді баспаға дайындап үлгермеген. Аяқ астынан келген ажал бұл істі аяқтатпады. Өлеңдер жинағы да қайтыс болғаннан кейін 4-5 жылдан аса барып қана жарыққа шықты. Тірі болғанда, қарасөздерінің де, өлеңдерінің де саны әлдеқайда көп болар ма еді...

Абайдың қарасөздерді жазудағы мақсаты айқындалмаған. Дегенмен, ел ішінде Абай осы қарасөздерді өлеңдерін түсіндіру үшін жазған деген пікір бар. Шынымен де, өлеңдердегі өзекті, терең ойларды түсіндіруге қарасөздер біршама көмек. Түсінуге Абайдың поэзиясы қарасөздерге қарағанда ауыр. Қарасөздерінде әр түрлі тақырыптарда

еркін ой, пікірлерін жазған. Былай айтқанда, философиямен шұғылданған. Еркін, таза ойға ерік берген.

Философия ғылымында «трактат» деген бар. Яғни, қандайда бір сұрақты талқылау деген сөз. Аристотель, Платон, әл-Фараби және басқа да ойшылдар трактаттар жазған. Сол дәстүрді жалғастырып Хакім Абайда ойшылдық деңгейге көтеріліп, қоғамдағы, ел ішіндегі өзекті сұрақтарға өз ойын еркін жазған, талдау жасаған.

Хакім Абай сол заманда болып жатқан әр оқиғаның себебін түсінуге талпынған. Толғандырған мәселелерін қарасөздерде көтеріп, әр азаматқа ой салады. Көбінесе мұсылмандық тұрғысынан жазылған қарасөздерде «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, ақылың мен қайратың екі жақтап» – деп адамды көкесіне, танысына сенбей өзінің білімі мен біліктілігіне сенуге шақырады.

«Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті. Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» – деген сөзін барша халыққа тарату керек. Бүкіл адам-затқа арналған ұран сөз дер едім.

Тағы бір үлкен мәселе – мал табу. Мал – сиыр, жылқы, қойдың жалпылама атауы ретінде ғана емес, «капитал», «байлық» деген мәнде айтылған. Былай айтқанда, қазақ халқын еңбек етуге, бай, дәулетті болуға шақырғандығын көреміз. Демек, әр қазақ бай, дәулетті болса, еліміздің де күші арта түспек.

Қазақ халқының дүниетанымында «СӨЗ ӨНЕРІ – ҚАРАСӨЗ» деген ұғым қалыптасқан. Қазақ дүниетанымында «қара» және «сөз» деген ұғымдарының астарында үлкен философия бар. «Қара» деген жаман сөз емес. «Қара» деген біздің халқымызда үлкен, мағыналы, маңызды, ірі деген ұғым береді. Белгілі бір мәселеге назар аудар, мұқият қара дегенге де келеді. «Қара күш», «қара нар», «қара теңіз» тағы басқа түсініктерді еске алсақ жеткілікті. Енді «сөз» дегенге келсек, «сөз» – жанр. Абай өзінің ойларын еркін білдіру үшін осындай жанр ойлап тапқан. Абай атамыз:

Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы,

Өлмейтұғын артыңда сөз қалдырған – дейді.

Абай осы ойын бірінші сөзінде нақтылап, қарасөзді жазудағы мақсатын айқындап кеткен. «Ойыма келген нәрселерді еркін жаза бастадым», – дейді бірінші қарасөзінде.

Абайға ешкім ананы жаз, мынаны жаз деп бұйрық бермеген. Өзінің ойына келген нәрсені еркін жазып, елі туралы, халқы туралы, болмыс туралы, білім, ғылым туралы ойларын осындай стильде жазған. Оның қырық бес сөзі қырық бес тақырып.

Абай Құнанбайұлынан қалған 45 қарасөздегі тақырыптар мәңгілік. Адамзат барда ешқашан таусылмайтын сөздер. Кез келген қазақ отбасында екі кітап болса, соның бірі Абайдың кітаптары болуы тиіс.

Айталық, бірінші қара сөзінде «ғылым бағу» дегенге тоқталған. Ғылым бағу – Абайға өте жақын тақырып. Абай табиғатынан ғалым адам, хақім. Сондықтан болар, ғылым турасында көп айтқан. «Ғылым деген Алланың бір сипаты», – дейді Абай. «Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз».

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.

Осы сөздерімен Абай қазақтың сол кездегі ғылымның дәрежесін көтеріп, ғылыммен айналысуға шақырады. Абайдың ғылымға қойып отырған талабы – өте биік. Бүгінгі қилы заманда дағдарыстан шығаратын ғылым, ғылымның жетістіктері екендігі белгілі.

«ОТЫЗ БІРІНШІ ҚАРАСӨЗІН» алайық: Онда «Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселі нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер». Қалай ғана бұл қарасөзін оқырманға оқыма деуге болады.

Абайдың қарасөздері – қазақ халқының еркін ойы. Қазақша ойлаудың үздік үлгісі. Қазақ философиясына жаңа леп әкелген, тың ойды жазған. Сыни ойлауды қалыптастырған. Өмір философиясын

жазған ойшыл. Қазақ ұғымдарын сөйлеткен. Қазақ дүниетанымын жүйелеп берген.

Абай қарасөздерінен кез-келген адам өзінің толғандырған сұрақтарына жауап алады. Өмірге деген құлшынысы артып, адамға деген сүйіспеншілігі арта түседі. Адамшылық қасиеті молайып, өзіне деген сенімі жоғарылайды.

Хакім Абайдың «Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деген тұжырымы толық адамның болмысын ашып тұрғандай. «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек» – деп толықтырып кетеді.